

«Digital Silk Road Company» ЖШС қызметінің қосымша түрлерін жүзеге асыруды жоспарлаған тауар нарықтарына зерттеулер жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Субъектінің атауы: «Digital Silk Road Company» ЖШС (бұдан әрі - ЖШС).

2. Құрылтайшылар (қатысушылар) туралы мәліметтер: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан.

3. Жүзеге асырылатын қызмет түрлерін кеңейту және (немесе) өзгерту мақсаты: «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 97-бабына сәйкес кедендік баждар мен салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері заңнамалық түрде айқындалған, оның ішінде ақшалай қаражат енгізу, банктік кепілдік, кепілгерлік, мүлікті кепілге қою және сақтандыру шартын жасасу көзделген. Аталған құралдар мемлекеттің фискалдық мүдделерін қорғауға және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың міндеттемелерін сөзсіз орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар, заңнамада кепілгерлік пен мүлікті кепілге қою сияқты қамтамасыз ету тәсілдерінің формальды түрде көзделуіне қарамастан, олардың іс жүзіндегі қолданылуы бірлі-жарым және жүйесіз сипатқа ие. Бұл аталған институттардың құқықтық конструкциясының күрделілігімен, кепілгерлер мен кепіл берушілер үшін заңдық және қаржылық тәуекелдердің жоғары деңгейімен, сондай-ақ тиісті міндеттемелерді кәсіби түрде өз мойнына алуға дайын, тұрақты және сенімді субъектілердің нарықта жеткіліксіз болуымен байланысты.

Нәтижесінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар мәжбүрлі түрде негізінен ақшалай қаражат енгізу тәсілін пайдаланады (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректеріне сәйкес, 2025 жылы бұл құралды 314 компания қолданған), бұл айналым капиталдарының елеулі көлемін оқшаулауға, өтімділіктің төмендеуіне, сыртқы экономикалық операциялардың қымбаттауына және инвестициялық-өндірістік белсенділіктің шектелуіне алып келеді.

Осылайша, қолданыстағы құқықтық модель заңнамада бұрыннан көзделген әлеуетті іс жүзінде толық іске асырмай отыр және кедендік міндеттемелерді қамтамасыз етудің неғұрлым икемді баламалы құралдарының болуына қарамастан, бизнеске шамадан тыс қаржылық жүктемені сақтап қалуда.

Осы жағдайларда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне ведомстволық бағынысты, мемлекеттің қатысуымен құрылған ұйым болып табылатын «Digital Silk Road Company»

ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) базасында кепілгерлік пен мүлікті кепілге қоюдың мамандандырылған тетігін құру негізді, құқыққа сай және экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай шара болып табылады.

Серіктестікке кепілгерлік жүзеге асыру және мүлікті кепілге қабылдау құқығын беру заңда көзделген қамтамасыз ету тәсілдерін институционалдық тұрғыдан бақыланатын, ашық әрі нормативтік тұрғыдан қорғалған ортада практикалық іске асыруды қамтамасыз етеді (*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректеріне сәйкес, 2025 жылы кепілгерлік құралын 2 компания, ал кепіл құралын 1 компания пайдаланған*). Жеке субъектілерден айырмашылығы, Серіктестік мемлекеттің қатысуына және уәкілетті органға ведомстволық бағыныстылығына ие бола отырып, сенімнің, басқарылудың және жауапкершіліктің қосымша деңгейін қамтамасыз етеді, бұл құқықтық және фискалдық тәуекелдерді едәуір төмендетеді.

Бірінші кезеңде аталған тетікті Қазақстан Республикасының ірі өндірістік кәсіпорындарын қолдауға бағыттау орынды болып табылады, өйткені оларға кедендік төлемдердің елеулі көлемі және айналым капиталын сақтап қалуға жоғары қажеттілік тән. Бұл мұндай кәсіпорындарға өздерінің ақшалай қаражатын оқшаулаусыз, қаржыландырудың қымбаттауынсыз және өндірістік динамиканың төмендеуінсіз кедендік міндеттемелерді орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Серіктестік базасында кепілгерлік пен мүлікті кепілге қою тетігін іске асыру Қазақстан Республикасының Еуразиялық кеңістіктің негізгі логистикалық хабы ретіндегі транзиттік тартымдылығын арттыруға ықпал ететін болады. Транзиттік тасымалдарға қатысушылар үшін кедендік міндеттемелерді қамтамасыз ету рәсімдерін оңайлату және арзандату Қазақстан аумағын транзиттік дәліз ретінде пайдалануға неғұрлым қолайлы жағдайлар жасайды, ұлттық көлік-логистикалық инфрақұрылымның бәсекеге қабілеттілігін арттырады және халықаралық тасымалдаушылардың шығындарын қысқартады.

Мемлекеттің қатысуымен кедендік міндеттемелерді қамтамасыз етудің ашық және институционалдық тұрғыдан кепілдендірілген тетігін қалыптастыру кедендік рәсімдерді жеделдетуге, транзиттік операторлар үшін құқықтық режимнің болжамдылығы мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді, бұл халықаралық тасымал маршруттарын таңдау кезінде шешуші маңызға ие фактор болып табылады.

Аталған тәсіл Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық құжаттарының ережелеріне сәйкес келеді, олар транзиттік тасымалдар үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруды, әкімшілік және қаржылық кедергілерді азайтуды, сондай-ақ сыртқы сауда және транзиттік ағындарды институционалдық сүйемелдеу инфрақұрылымын дамытуды көздейді.

Серіктестік базасында кепілгерлік пен мүлікті кепілге қою тетігін құру мемлекет тарапынан институционалдық кепілдіктерді қамтамасыз етеді,

міндеттемелердің орындалмау тәуекелін барынша азайтады, теріс пайдаланушылықты болдырмайды және тиісті құралдарды қолданудың бірыңғай практикасын қамтамасыз етеді.

Инициативаны іске асыру кедендік төлемдерді әкімшілендірудің тиімділігін арттыруға, салықтық тәртіпті нығайтуға, өнеркәсіп секторын қолдауға және шаруашылық жүргізуші субъектілердің айналым капиталын босату мен инвестициялық белсенділігінің өсуі есебінен экономикалық өсуді ынталандыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін күшейтуге және оның аумағы арқылы халықаралық тасымалдар көлемін арттыруға бағытталған.

Аталған мән-жайлар жиынтығында Серіктестікке кедендік баждар мен салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету кезінде кепілгерлік (кепілдік) және мүлікті кепілге қою тетігін қолдануға рұқсат берудің қажеттілігі мен негізділігін растайды.

4. Жоспарланған мәлімделген қызмет түрлері:

ЖАҢА	
«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген мақсаттарда, оның ішінде кепілгерліктерді (кепілдіктерді) және мүлікті кепілге қоюды ұсынуды қоса алғанда, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну бойынша қызметті жүзеге асыру. (ЭҚЖЖ 64.99.9 «Басқа топтамаларға енгізілмеген сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, қаржылық көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлері»).	
АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ	
Жоқ	
ӨЗГЕРТІЛГЕН	
Жоқ	

5. Заңнаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан мәлімделген түрлерді айқындау: Кәсіпкерлік кодекстің (бұдан әрі - Кодекс) 192-бабының 1-тармағына сәйкес акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін Үкімет бекітеді.

Тиісті Тізбе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен (бұдан әрі – Тізбе) бекітілген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) мәліметі бойынша Экономикалық қызмет түрлерінің жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) түсіндіремелеріне сәйкес:

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген мақсаттарда кепілгерлікті (кепілдіктерді) және мүлік кепілін беруді қоса алғанда, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру» «Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық қолдаудың арнайы қорларының

қызметі» 64.92.2, «Индустриалды-инновациялық қызмет пен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне көрсетілетін қаржы-экономикалық қызметтер» 64.99.1, «Басқа топтамаларға енгізілмеген сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, қаржылық көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлері» 64.99.9 ішкі кластарында жіктеледі.

II. ТАУАР НАРЫҒЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

6. Тауар нарығын және оның географиялық шекараларын анықтау:

Қазақстан Республикасының аумағы.

7. Жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің қайталануына жол бермеу мақсатында тауар нарығында әрекет ететін нарық субъектілерінің санын айқындау: Бюроның деректері бойынша статистикалық бизнес-тіркелімнен мемлекеттік және жеке меншік нысаны бар жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен филиалдардың, сондай-ақ жеке кәсіпкерлердің саны:

ЭҚЖ Ж	Барлығы	Соның ішінде мемлекеттің қатысуымен
64922	19	10
64991	35	7
64999	592	17

III. БЫҚТИМАЛ СЦЕНАРИЙЛЕРДІ АНЫҚТАУ ҮШІН ТАУАР НАРЫҒЫНА ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ

8. Ықтимал сценарийлерді анықтау үшін тауар нарығына зерттеу жүргізу нәтижелері:

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодексінің 97-бабына сәйкес Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуы мынадай:

- 1) ақша;
- 2) банк кепілдігі;
- 3) кепілгерлік;
- 4) мүлік кепілі;
- 5) сақтандыру шарты тәсілдерімен қамтамасыз етіледі.

Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуы, осы баптың 3-тармағының ережелері ескеріле отырып, осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен қамтамасыз етіледі.

Осы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекстің 535-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайда кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген бір немесе бірнеше тәсілмен беріледі.

Кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуы, осы баптың 3-тармағының ережелері ескеріле отырып, осы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекстің

96-бабының 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың таңдауы бойынша бірнеше тәсілмен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 97-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан нарығында жүргізген талдау шеңберінде кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етудегі қызметті - 2 (екі) компаниядан аспайтын, мүлікті кепілге қою қызметті - 1 (бір) компаниядан аспайтын компания жүзеге асырады.

Ақша қаражатымен – 314 (үш жүз он төрт) компания, банктік кепілдікпен – 5 (бес) компания, сақтандыру шартымен – 16 (он алты) компания жүзеге асырады (*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің 20.11.2025 жылғы № КГД-14-1-9/49659-ХҚК хаты*).

Бұдан басқа, Бюроның деректері бойынша барлық мәлімделген қызмет түрлерінде жеке нарық субъектілері, оның ішінде мемлекет қатысатын субъектілер де бар.

Кодекстің 192-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес мемлекет кәсіпкерлік қызметке тиісті тауар нарығында бәсекелестік болмаған немесе төмен деңгейде болған жағдайларда қатысады.

Бұл ретте, өтініште көрсетілген қызмет түрлерін ЖШҚ тек тиісті нарықты дамыту және кедендік міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету рәсімдерін жетілдіру мақсатында жүзеге асырады және тиісті тауар нарығында қызмет ететін жеке тұлғалармен бәсекелесуді білдірмейді.

Демек, ол бәсекелес тауар нарығындағы жеке нарық субъектілерінің мүдделеріне әсер етпейді.

Сонымен, Кодекстің 162-бабының 1-тармағына сәйкес, бәсеке – нарық субъектілерінің өз бетінше әрекеттері олардың әрқайсысының тиісті тауар нарығындағы тауар айналымының жалпы шарттарына біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін бәсекелестік.

Тізбе мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың жүзеге асыруына рұқсат етілген қызмет түрлерін бекітеді.

Бұл ретте Тізбеде акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарға, заңды тұлғаларға және олармен үлестес тұлғаларға қызмет түрлерін **(5 таңбалы ЭҚЖЖ)** жеке байланыстыру; квазимемлекеттік сектордың әрбір субъектісі үшін қызметті жүзеге асырудың (ҚР өңірлерінің) географиялық шекараларын бекіту қамтылады; акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың болу (қызметін жүзеге асыру) мерзімдері.

ЖШС Жарғысына енгізу үшін мәлімделген қызмет түрі Тізбеде көзделген.

Алайда ЖШС мәлімдеген қызмет түрі шеңберінде мемлекеттік кәсіпорын ретінде Тізбеде **көзделмеген**, **ЖШС** Тізбеде жоқтығын ескеріп, оған Агенттікпен келісілген қызметтің жарғылық түрін Тізбеге енгізуді көздейтін тиісті қаулы жобасын әзірлеуді талап етеді, ЖШС қызметін **жүзеге асырудың географиялық шекараларын және жүзеге асыру мерзімдерін** көрсете отырып.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Агенттік ЖШС қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып мынадай шартпен төменде көрсетілген ЭҚЖЖ қызмет түрлерін **3 жыл** мерзімге кеңейтуге, сондай-ақ ЖШС Тізбеге енгізген жағдайда жарғыда мынадай редакцияда **келісім береді**:

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген мақсаттарда кепілгерлікті (кепілдіктерді) және мүлік кепілін беруді қоса алғанда, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру» - ЭҚЖЖ 64999 «Басқа топтамаларға енгізілмеген сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, қаржылық көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлері».

Сонымен қатар, 2024 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 430 қаулысының 2-тармағына сәйкес ЖШС Тізбеге сәйкес келмейтін қызмет түрлерін жарғылық құжаттардан алып тастау жолымен қызмет түрлерін **2026 жылғы 1 қазанға дейін сәйкестендіру қажеттілігін** атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Агенттік бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде келісілген қызмет түрін кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады.

**Экономикалық шоғырлану және
мемлекеттік кәсіпорынды бақылау
департаментінің директоры**

Ж. Ермағамбетов

Подпись канцелярии

17.03.2026 15:23 МЫХАНОВА АНАРКУЛ

Подпись руководителя

17.03.2026 15:05 САМБЕТОВ БОЛАТ



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 186 от 17.03.2026 г.
Организация/отправитель	ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "DIGITAL SILK ROAD COMPANY"
Получатель (-и)	АГЕНТСТВО ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан" Подпись руководителя: САМБЕТОВ БОЛАТ MIIR7AYJ...P2jLVV2o= Тип: НУЦ Время подписи: 17.03.2026 15:05
	 Государственное учреждение "Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан" Подпись канцелярии: МЫХАНОВА АНАРКУЛ MIISKAYJ...gzNg/wUQ= Тип: НУЦ Время подписи: 17.03.2026 15:23

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.